



Бекітімін

«Сырдария» университетінің  
ректоры, философия докторы (PhD)  
Б.С.Тоқмұрзаев  
2021 жыл

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### СТУДЕНТТЕК ЖАТАҚХАНАСЫНДАҒЫ ІШКІ ТӘРТІП YE-73-21

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімімен  
**ЭЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор З.А.Сламбекова
3. Келісілді – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор Б.С.Тоқмұрзаев
4. Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы Ж.Д. Абдуллаева
4. «Сырдария» университеті Фылыми кеңесінің 31 08 2021 № 1 мәжілісінде талқыланып мақулданды
5. Еңгізілді – 2021
6. Тексерілу мерзімі – 2022

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Жетісай, 2021

«Сырдария» университеті		УЕ-73-21
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже	2-нұсқа
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп		10 беттің 2-беті

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

## 2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

## 3. ЕРЕЖЕ МАЗМҰНЫ

## 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

### КЕЛІСІЛДІ

Оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректор:

Б.С.Тоқмұрзаев

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы:

Ж.Д. Абдулаева

«Сырдария» университеті жатақханасындағы ішкі тәртіп ережелері студенттік жатақханада тұратын барлық студенттер орындауға міндетті жергілікті нормативті акт болып табылады.

Білім алушыларды университет жатақханасына орналастыру тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың, факультет деканы және жатақхана менгерушісі (комендант) қол қойған өтініш бойынша жүргізіледі.

Жатақханаға жолдама алу үшін студент факультет деканатына төмендегі құжаттарды оқу жылы басталғанда тапсырады:

- 1) Өтініш
- 2) Жеке басын растайтын төлкүжаттың көшірмесін

Жатақханаға орналасу үшін студент төмендегі құжаттарды жатақхана менгерушісіне (комендант) тапсырады:

- Деканаттан алған жолдама
- Жеке басын растайтын төлкүжаттың көшірмесі - 1 дана
- 3x4 көлеміндегі 2 фотосурет
- Жатақханаға тұруға төлемен ақының түбіртегін
- Денсаулық туралы 075У анықтамасы

Жатақханада тұратын барлық студенттер үшін жатақханаға кіріп-шығу үшін уақыты 7.00-ден 23.00-дейінгі аралықта бекітілген. 23.00-ден кейін жатақханаға кіруге және шығуға тыйым салынады.

Конақтар үшін жатақханаға кіру уақыты 12.00-ден 19.00 аралығында жүреді. Конаққа келген және қонаққа шақырған жатақхана тұрғыны қонақтарды тіркеу журналына тіркеу үшін қауіпсіздік қызметінің кезекшісіне жеке куәлігін ұсынады. Қонақтардың ішкі тәртіп Ережесін сақтауына шақырушы толықтай жауапты болады.

«Сырдария» университеті	УЕ-73-21
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	10 беттің 3-беті

Студенттердің қал - жағдайын білуге келген ата-аналар арнағы ата-аналар бөлмесіне уақытша орналастырылады.

Жатақхана менгерушісі әрбір жатақхана тұрғынын жеңе қол хаты негізінде төмендегі ережелермен таныстырады: жатақханадағы Ішкі тәртіп Ережесі, Өрт қауіпсіздігі Ережесі, Электр құралдардың пайдалану Ережесі, Санитарлы Ережелер, Техника қауіпсіздігі Ережесі.

2. Студенттік жатақханаларда тұратын тұрғындардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Жатақхана тұрғындарының құқықтары:

- ішкі тәртіп ережелерін сақтай отырып берілген бөлмеде тұруға;
- жатақханадағы дүние-мұлікті, құрал-жабдықтарды, оку және мәдени-тұрмыс орындарын (оку залы, компьютер сыныбы, демалыс бөлмесі) пайдалануға;
- жатақхананың Студенттік кеңес құрамын сайлау және құрамына сайлануға;
- қазіргі заманға сай жөндеу жұмыстарын талап етуге немесе жиһаздардың және басқа да дүние-мұліктердің ауыстырылуын, сондай-ақ тұрмыстық қажеттіліктердің кемшіліктерін жоюға.

2.2. Жатақхана тұрғындарының міндеттері:

- жатақханалардағы Ішкі тәртіп Ережесін, Өрт қауіпсіздігі Ережесін, Электр құралдарын пайдалану Ережесін, Санитарлық Ережені, Техника қауіпсіздік Ережесін қатаң сақтауға;
- жатақханаға кіретін кезде қауіпсіздік қызметінің ескертуінсіз рұқсат қағазын ашық түрде көрсетуге;
- жатақхана айналасындағы аймақты тазалықта ұстауға, жылуды, электр қуатын және суды үнемдеп пайдалануға;
- өлмеден шығар кезде әйнек-терезелерді, есіктерді жауып, электр құралдары мен жарықты сөндіруге; жатақханадағы меншікті сақтауға;
- бөлмені және қоғамдық пайдалану орындарын таза ұстауға, бөлмелерде сабакқа кетер алдын күнделікті тазалау жұмыстарын жүргізуғе;
- жатақхана менгерушісіне бөлменің қосалқы кілтін тапсыруға;
- ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өз тараапынан келтірілген материалдық шығынды өтеуге;
- бөлмелердің және қоғамдық пайдалану орындарының жағдайын тексеріп келген басқарма қызметкерлеріне қарсылық тудырmaуға;
- жатақхана ішіндегі көршілермен татулықта болуға, бірін-бірі сыйлауға, бір-біріне жол беруге міндетті.

2.3. Жатақхана тұрғындарына тыйым салынады:

- рұқсат қағазсыз кіріп-шығуға;
- өз еркімен бір бөлмeden екіншісіне көшуге, дүние мұлікті бір орыннан екінші орынға ауыстыруға;
- жиһаздарды, есіктерді, бөлме қабырғаларын және қабырғалардағы стендтерді, плакаттарды, кестелерді, хабарландыруларды және т.б. бұлдіруге;

«Сырдария» университеті	ҮЕ-73-21
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	2-нұсқа 10 беттің 4-беті

- бөгде адамдарды өз бөлмесінде тұрғызуға, рұқсат қағазы мен бөлме кілтін бөгде адамға беруге;
- есікті бұзып кіруге, құлыптарды бұзуға және ауыстыруға, өз бетінше жөндеуге және жиһаздарды қайта құрастыруға не болмаса қабыргалар тұрғызуға;
- студенттік жатақханада мәңгерушінің келісімінсіз электр желілерді жөндеуге, жарық лампаларын ауыстыруға, қосымша электр қуатын тұтынатын құралдарды қосуға;
- бөлмеге тұнеуге бөгде адамдарды қалдыруға;
- жатақханаға мас күйінде келуге, есірткі пайдалануға жатақханада алкогольдік ішімдіктер ішуге және темекі шегуге;
- берілген бөлмені коммерциялық мақсатта пайдалануға (офис, өндіріс, сактау, сауда орындары, қызмет көрсету және т.б.), жеке және мемлекет заттарын сатуға;
- шу шыгаруға және лайықты салауатты өмір салтына, окуға, демалысқа кедергі жасауға. Дауысы бөлмеден тыс шығып кететіндей үнтаспаларды, радионы қосуға. Тұнгі уақытта (23:00-ден 07:00-ге дейін) дыбыс шыгаратын аппараттарды қосуға, ән салуға;
- жатақханада үй жануарларын ұстауға;
- жатақхана шатырына шығуға, терезе алдында тұруға, отыруға және терезеден кіріп-шығуға;
- дәлелді себепсіз 23:00-ден кейін жатақханаға кіруге немесе жатақханадан шығуға;
- бөлмелерде жылдыту пештерін қолдануға;
- кез-келген типтегі қаруды алып жүрүте және сактауға;
- жатақхана тұрғындарына және қызмет етуші азаматтарға дөрекілік, зорлық көрсетуге, қорқытуға;
- жатақханада өзге ұлт өкілдерінің студенттерімен қақтығысқа тұсуге;
- жатақхананың меншігін алып кетуге;
- ата-ана күн сайын келіп студенттердің мазасын алуға, жатақханада қонуға.

### 3. Кезекші оқытушылардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Студенттік жатақханада ректордың өкімімен бекітілген кезекші оқытушылар сағат 19.00-ден 23.00-ге дейін кезекші қызметін атқаруы тиіс (барлық бөлмелерді аралау, студенттердің тыныс-тіршілігімен танысу, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар ұйымдастыру).

3.2. Кезекшілік кезінде келенсіз, оқыс оқиғалар орын алған жағдайда ректорға, қауіпсіздік қызметіне, тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоріне хабарлауы тиіс (мәліметтер жазбаша тіркеуді тиіс).

3.3. Кезекшілікке түсken декандар, оқытушылар, қызметкерлер бұйрық, өкім бойынша бекітілген уақыттан бұрын ескертусіз кетіп қалған жағдайда, себепсіз кешіккен немесе пкелмей қалған жағдайда тәрбие жұмыстары және

«Сырдария» университеті	УЕ-73-21
Сапа менеджменті жүйесі	Ереже
Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп	2-нұсқа 10 беттің 5-беті

әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоріне ескерту, сөгіс, катаң сөгіс жариялауға құқылы.

4. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері ауысым кезінде студенттік жатақханалардағы барлық студенттердің қауіпсіздігіне және тәртібіне тікелей жауапты (белгіленген тәртіп бойынша сырттан бөтен адамдарды кіргізбеу, әр түрғынның құжатын тексеріп кіргізу, жатақхана түрғындарын себепсіз сағат 23.00-ден кейін кіргізбеу және шығармау, жатақхана аумағында тәртіп бұзушылық пен құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу);

4.2. Студенттік жатақханаға түскен қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері тікелей тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоріне қарасты болады.

4.3. Студенттік жатақханаға түскен қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері өзге қызметкерлермен және студент жастармен университеттің корпоративтік этика талаптарына сай қарым-қатынас орнатуы тиіс.

4.4. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері өзінің кезекшілік қызметін атқаруда өз жұмысына салғырттық танытқан жағдайда тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша реттік тәртіптік жаза қолданылады (жұмыс орнын қараусыз қалдырған жағдайда, құмар ойындар (карта, компьютерлік ойындар, видео ойындар) ойнаған жағдайда, бөтен адамдарды құжатсыз кіргізген жағдайда) және ол қызметкермен еңбек келісім-шарты бұзылып, жұмыстан шығарылады.

#### 5. Іске асыру мерзімі

«Сырдария» университетінің Студенттік жатақханасындағы ішкі тәртіп Ережесі Фылыми Кеңесінде талқыланып, университет ректоры бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

